

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ОҚУ - АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ
БАЛАЛАРДЫ ЕРТЕ ДАМУЫ ИНСТИТУТЫ**



**0-5 ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДА ЭМОЦИОНАЛДЫ ИНТЕЛЛЕКТТІ
ДАМУЫ БОЙЫНША НҰСҚАУЛЫҚ**

Астана 2025

*Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі
Балаларды ерте дамыту институты базасында әзірленген*

0-5 жастағы балаларда эмоционалды интеллектті дамыту бойынша нұсқаулық. – Астана, 2025. – 19 б.

Әдістемелік құралда эмоцияларды дамытудың балалардың жас ерекшеліктері бойынша сипаттамасы, эмоцияларды тану мен білдіруге, оларды реттеуге арналған ойындар мен жаттығулар, негізгі эмоцияларды білдіру бойынша (қуаныш, реніш, ашу, қорқыныш), ойын элементтерін, рөлдік диалогтарді күнделікті өмірде және топта қолдану ұсынылған.

Аталған Нұсқаулық «Беске дейін үлгер» халықаралық бағдарламасы негізінде әзірленген және мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтері мен ата-аналар қауымдастығына арналған.

Нұсқаулық ҚР ОАМ Балаларды ерте дамыту институтының Ғылыми-әдістемелік кеңесінде қаралып, ұсынылған (2025 жылғы 27 мамырдағы № 6 хаттама).

Балаларды ерте дамыту институты, 2025 ж.

ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

Мектеп жасына дейінгі балаларда эмоционалды интеллектті дамытудың негізгі аспектісі – өзге баланың, ересектің орнына өзін қойып, олардың көңіл-күйі мен эмоцияларын сезіну және түсіну қабілетін дамыту. Ең алдымен, бұл эмпатияны дамыту, ашуға бой алдырмау және қуанышын көрсету білу.

Кез-келген жастағы балалар өте эмоционалды, олар жаратылысынан әртүрлі сезімдерге ие, бірақ оларды әлі басқара алмайды. Ересектердің міндеті-балаларға өзінің және айналасындағылардың эмоцияларын түсінуге, ажырата білуге, мектеп жасына дейінгі балалардың эмоционалды интеллектін дамытуға көмектесу. Эмоционалды интеллект дегеніміз не?

Эмоционалды интеллект (ағылш. emotional intelligence, EI) адамның эмоцияларды тану, басқа адамдардың ниеттерін, ынталары мен қалауларын және өзін-өзі түсіну қабілеті, сондай-ақ практикалық міндеттерді шешу үшін өзінің және басқа адамдардың эмоцияларын басқару қабілеті ретінде анықталады.

Мектеп жасына дейінгі балалардың эмоционалды интеллекті адамзат қоғамына оң бейімделу мен әлеуметтенуді дамытудың негізі ретінде ұсынылуы мүмкін. Эмоцияларды тану, көрсете білу балаға әлеуметтену мен қоршаған болмысты бағалауға көмектеседі. Егер келешек туралы айтатын болсақ, онда жоғары эмоционалды интеллект жұмыстағы күйзеліс деңгейін төмендетуге, кәсіби жетістікке жетуге және сәтсіздіктермен күресуге, әріптеспен үйлесімді қарым-қатынас орнатуға және мықты отбасын құруға септігін тигізеді.

Эмоционалды интеллекттің жеткіліксіз дамуы баланы себепсіз жылауға, қыңырлыққа әкелуі мүмкін. Бала өзінің бойында не болып жатқанын түсінбейді және өзінің негізгі эмоцияларын (қорқыныш, реніш, қуаныш, таңырқау) басқара алмайды.

Мектеп жасына дейінгі балаларда эмоционалды интеллектті дамытуға әсер ететін нысаналы бағдар келесі сипаттамаларды анықтайды: «баланың әлемге, басқа адамдарға, өзіне деген оң көзқарасы бар, өзін-өзі бағалай алады; құрдастарымен және ересектермен белсенді қарым-қатынас жасайды, бірлескен ойындарға қатысады. Келісе алуға, басқалардың қызығушылықтарын ескеруге қабілетті, өз сезімдерін, оның ішінде өзіне деген сенімділікті көрсетеді, жанжалдарды шешуге тырысады».

Мектеп жасына дейінгі балаларға олардың эмоционалды интеллектін дамытуға көмектесу үшін мектеп жасына дейінгі балаларда эмоциялардың жас ерекшеліктеріне сәйкес дамуын түсіну қажет.

Аустралиялық Minderoo қорымен бірлесе әзірлеген, балалардың ерте дамуын қолдауға бағытталған «Беске дейінгілер» халықаралық бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) ерекше назар аударуға лайық. Бағдарлама баланың әл-ауқатының бес негізгі аспектісіне, соның ішінде эмоционалды тұрақтылық пен эмпатия қабілетін дамытуға баса назар аударады. Ол ата-аналарға, тәрбиешілерге және мектепке дейінгі білім беру мамандарына салауатты эмоционалды байланыстарды қалыптастыруға, өзін-өзі реттеуді дамытуға

және басқалармен өзара әрекеттесудің оң тәжірибесін қалыптастыруға ықпал ететін практикалық ұсыныстар береді. Мектепке дейінгі тәжірибеде бағдарлама принциптерін қолдану балалардағы эмоционалды интеллектті дамыту бойынша жұмыстың тиімділігін едәуір арттыра алады.

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДА ЭМОЦИЯЛАРДЫҢ ЖАС ЕРЕКШЕЛІКТЕРІНЕ СӘЙКЕС ДАМУЫ

Баланың эмоционалды саласы ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас барысында дамиды. Эмоционалды қарым-қатынастың жетіспеуі өмір бойы сақталуы мүмкін эмоционалды дамудың тежелуіне әкелуі ықтимал.

Баланың эмоционалды саласын дамыту үшін отбасындағы мейірімді қарым-қатынас маңызды.

Отбасындағы жағымсыз қарым-қатынас:

- біржақты сүйіспеншілік, көбінесе анасын жақсы көру, бұл құрдастарымен қарым-қатынас жасауға ынтасының төмендеуіне;
- отбасында екінші бала пайда болған кездегі қызғаныш, ол бірінші баланың өзін назардан тыс қалғандай сезінуіне;
- ересектердің балаға зекіп сөйлеуі оларды қыңырлыққа әкеледі.

Баланың эмоционалды саласы мектеп жасына дейінгі балалардың жетекші әрекеті - ойында қарқынды дамиды. Еңбек тапсырмаларын бірге орындау (ауланы, топ бөлмесін жинау) балалардың бойында топтағы эмоционалды бірлікті дамытады.

Педагогтер мен ата-аналар балалардың жас ерекшеліктерін білуі керек, әйтпесе баланың мінез-құлқына дұрыс баға берілмейді.

Мектеп жасына дейінгі балалардың эмоционалды дамуының өзіне тән сипаттамалары бар.

1 жастан 2 жасқа дейінгі балалардың эмоционалды саласына тән: эмпатияның болмауы, оның қалауына байланысты эмоционалды реакциялар, таңдау жасай және шешім қабылдай алмауы, айналадағыларды ескермеуі. Сонымен қатар, өзін - өзі тану пайда болады - бала айнадан өзінің бейнесін таниды, атын атағанда жауап береді, дербес болуға тырысады, «мен» есімдігін қолдана бастайды. Сондай-ақ, бала өз әрекеттерінің салдарын болжай алмайды. Бұл жаста ересектің бағалауы бала үшін маңызды, бала оған эмоционалды түрде жауап береді.

3-4 жастағы баланың эмоциялары алуантүрлі болып келеді. Осы жастағы балалардың меңгерген жаңа біліктері және қызығушылықтары баланың әртүрлі эмоцияларының, сонымен бірге қажеттіліктері мен мотивтерінің пайда болуын көрсетеді. Бұл жастағы бала қуанышты немесе қорқынышты сезініп қана қоймай, қызғаныш, реніш, аяушылық, ашу, сергектік, нәзіктік, ұялшақтық, таңдану және т.б. сезімдерді қабылдай алады. Сондай-ақ, осы жаста балалар әртүрлі интонациялар мен мимиканы қолданып, сезімдерін білдіре алады.

4-5 жастағы баланың эмоционалды саласы былай сипатталады: баланың «қалау, әрекет, эмоция» тізбегі бойынша эмоцияларды қабылдауда неғұрлым сабырлық танытады. Бұл жаста эмоционалды алдын ала масаттануы дамиды: бала келешектегі нәтижені және оны қалай бағалайтынын болжауға тырысады. Әрекет ету үшін жаңа мотивтер, өзінің мінез-құлқын бағалау қабілеті пайда болады.

Эмоциялардың дамуындағы осы ерекшеліктерді біле отырып, түрлі балалар әрекеттерінде балаларды бақылау және олардың бір-бірін қалай қабылдайтынын, түрлі жастағы балалардың тұлғасының эмоционалды компонентінің көрінісі қалай өзгеретінін көру қызықты болып келеді.

Мектеп жасына дейінгі балалардың эмоционалды интеллектін дамытудың әртүрлі тәсілдері бар.

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДА ЭМОЦИОНАЛДЫ ИНТЕЛЛЕКТТІ ДАМУ ТӘСІЛДЕРІ

1. Сюжетті-рөлдік ойын - рөлдік әрекеттер, сюжеттің дамуы балаға өзгені түсінуге, оның көңіл-күйін, қалауын ескеруге көмектеседі;

2. Еңбек әрекеті – оң нәтижеге қол жеткізуге, басқа балалармен бірге жасаған жұмыс немесе жақсы орындалған тапсырма үшін қуанышты сезінуге көмектеседі;

3. Көркем әдебиет шығармалары - балаға өзін жағымды кейіпкермен салыстыруға ықпал етеді. Мектеп жасына дейінгі балалар басты кейіпкерге жанашырлық танытуды, жағымсыз кейіпкерлердің мінез-құлқы мен әрекеттерін бағалауды үйренеді;

4. Шығармашылық әрекет - эстетикалық сезімдерді дамытуға, әсемдікті сезінуге септігін тигізеді.

Эмоционалды интеллектті жаттықтыру және дамыту үшін көптеген ойындар бар. Мұндай ойындардың артықшылығы - олар көңілді және көп дайындықты қажет етпейді. Ойын кезінде ересек үшін процеске қатысу өте маңызды: тындау, жанашырлық таныту, жауап қайтару.

<https://youtu.be/cNtUQfPIAqA> , https://youtu.be/gSHPWQ8w_s4 .

Эмоционалды интеллектті дамытуға арналған ойындар.

«Эмоциялар құмырасы»

«Эмоциялар құмырасы» балаға өзінің эмоционалды көңіл-күйін білдіруге көмектеседі. Бала таңертең немесе күні бойы өзінің көңіл-күйіне сәйкес келетін смайликті құмыраға салады. Тәрбиеленушіге эмоцияларын сөзбен жеткізу қиын, ал оларды көрсету оңай. Егер бала ренжулі, ашулы смайликті таңдаса, бұл балаға көмектесу керек екенін білдіреді. Педагог баланың эмоционалды жай-күйін жақсарту үшін жаттығулар, ойындар мен тәсілдерді тандайды.

«Қуаныш қорабы»

Эмоционалды интеллектті дамыту үшін балалармен бірге топта сақталатын «Қуаныш қорабын» жасауға болады.

Бұл қорап:

- оң эмоционалды көңіл-күй орнатуға;
- балаларда өзінің эмоцияларын басқару дағдыларын қалыптастыруға;
- балалардың эмоционалды жай-күй туралы түсініктерін кеңейтуге;
- коммуникативтік дағдыларды дамытуға ықпал етеді.

Мұндай қорапты жасау үшін қажет құрал-жабдықтар:

1. Эстетикалық талғаммен безендірілген картоннан жасалған қорап.
2. «Қуаныш» тақырыбына сюжеттік суреттер: отбасы, мерекелер, демалыс және т.б. Қораптың сыртына және ішіне суреттер жапсыруға болады.

3. Топтағы балалармен бірге қораптың ішін толтыру қажет:

- «киндер-сюрпризден» шыққан ойыншықтар;
- теңіз тастары;
- бүрлер;
- отбасылық суреттер;
- балаларға арналған кітапшалар;
- сиқырлы таяқша;
- ленталар;
- магниттер;
- шаш қыстырғыштар және т.б.

Топтағы әрбір бала қорапқа өзінің «қуанышының» бір бөлігін салуы керек. Мысалы, теңізден алынған қабыршақ, әжесінің саяжайынан жинап алған тастар, ананың сыйлығы — қоңырау, әкесімен бірге жасаған қайық немесе жаңа жылға арналған бүрлер.

Ойынның нұсқасы:

1) Балалар қорапты ашады, қораптың ішіндегі заттарды қарастырады, өзінің заттарымен (ойыншықтарымен) байланысты қуанышты оқиғаларды еске алады.

2) Балалар өздерінің қуанышты көңіл-күймен салған заттарын табады немесе басқа балалар салған заттарды алып, ол зат қандай жағымды оқиғамен байланысты екенін айта алады, осылайша өзінің көңіл-күйін көтереді.

Мұндай қуаныш қораптарын әрбір баланың жеке жасауына болады. Оларды үйде ата-анасымен бірге жасауы мүмкін. Бірлескен әрекет отбасындағы қарым-қатынасты нығайтуға көмектеседі.

«Қошемет сөздер»

Бұл ойын қарым-қатынасты, бір-біріне деген мейірімділікті дамытуға көмектеседі.

Ойын барысында педагог балаларға «Қошемет сөздердің» мағынасын түсіндіреді (адамға айтатын жылы, жағымды сөздер). Балалар шеңберге отырады, допты шеңбер бойымен бір-біріне беріп, қошемет сөздер айтады. Балаларды бір-бірінің сыртқы түрін ғана емес, достарының жағымды қасиеттерін атауға үйреткен абзал. Бала өзіне айтылған қошемет сөздер үшін құрдастарына алғыс айтуы керек.

«Эмоциясын білдіру»

Ойын мәнерлі қимылдарды, байқағыштықты, қиялды дамытуға көмектеседі.

Ойынды педагог бастайды, ол көңіл-күйді (мұнды, көңілді, ашулы) ым-ишарамен жеткізеді. Балалар оның көңіл-күйін шеңбер бойымен жеткізеді, көңіл-күйді табады. Содан кейін кез-келген бала жүргізуші болады. Балалардың әрекеттері бағаланбайды және талқыланды. Барлық ойыншылар серіктестерін мұқият бақылап, олардың көңіл-күйін жеткізуі маңызды болып табылады.

Балалардың эмоцияларын толық түсіну үшін ата-аналарға:

- бірге қағазға немесе жерге, құмға әртүрлі эмоциялардың (мысалы, қуаныш, қайғы) қалай көрінетінін салу. Баладан суреттің қай бөлігі оның сол эмоция екенін анық көрсететінін сұрау;

- баламен түрлі эмоциялар туралы сөйлесу: «Ашуланғанда не сезесің (жүрегі дүрсілдеп кетеді)? Жабырқағанда не сезесің (көзі жасаурап кетеді)? Бақытты қалай сезінесің (жымындап кетеді)?» деп сұрау ұсынылады.

Ересек адамдар баламен эмоциялардың қалай сезінетіні мен олардың мәні туралы сөйлессе, бала өзін-өзі түсініп, білдіруге үйренеді. Бұл әрі оның миының саулығына сеп болады. Эмоциясын дұрыс білдіруді үйренбеген балалар біреуді ұрып-соғып не айғайлап орынсыз қылық жасауы мүмкін.

Эмоцияның атын атап, оны қалай сезінетінін сипаттауды үйренген отбасыларда өзара түсінушілік пайда болады. Нәтижесінде, отбасы мүшелері сезімдерін дұрыс білдірумен қатар бала жаңа сөздер де үйренеді.

Эмоциялар туралы айту қиын болуы мүмкін. Балаңыз жабырқап, сөз таба алмай қалғанда, қатты сезімдерін сурет салып жеткізе алады. Оның үстіне, сурет салу (қарындаш не қылқалам ұстау арқылы) балаға ұсақ моторикасын жаттықтыруға көмектеседі.

ҚОРЫТЫНДЫ

Баланың эмоционалды әл – ауқаты оның физикалық және рухани денсаулығының басты шарты болып табылады.

Эмоциялар жоғалып кетпейді, олар түпсанада сақталады. Дәл осы тұстан мейірімді және зұлым, көңілді және мұнды, ашық-жарқын және тұйық адамдар қалыптасады. Баланы қорқынышпен, зұлымдықпен, сараңдықпен күресуге және оларды еңсеруге, сондай-ақ таңдануға және қамқорлық жасауға, ренжуге және қуануға, жанашырлық танытуға пен мақтануға үйрету маңызды.

Мектеп жасына дейінгі балаларда эмоционалды интеллектті қалыптастырудың маңызды шарты – әлеуметтенудің бастапқы құрылымы болып табылатын-отбасы. Тек ата-аналармен ынтымақтастықта педагог жетістікке жете алады. Ынтымақтастық барысында сенім мен жемісті өзара іс-қимыл атмосферасы қалыптасуы тиіс.

Эмоциялар әрбір адам өмірінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады, олар күнделікті әрекетке тікелей әсер етеді. Егер оңтайлы тәрбие микроклиматы құрылса, бала міндетті түрде өзінің жағымды бейнесін қалыптастырады, эмпатияны, эмоционалды интеллектті сипаттайтын қажетті әлеуметтік дағдыларын дамытады, оның дамуы балабақша жұмысындағы басым бағыттардың бірі болуы қажет.

Балалардың қоғамның жауапты және зейінді мүшелеріне айналуы дұрыс тәрбиелеуге байланысты болатыны анық.

Мектеп жасына дейінгі балаларда эмоционалды интеллектті дамыту бала тұлғасының дамуындағы маңызды және қажетті кезең, жалпы алғанда балалар қоғамында психологиялық мәдениетті арттырудың ерекше факторы болып табылады.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. «Беске дейін үлгер» бағдарламасы <https://thrivebyfive.kz>
2. Борохович Л.Ю. Способы развития инициативы и самостоятельности в культурных практиках детства // Воспитатель ДООУ. – 2015. – № 11.
3. Педагогическое взаимодействие в детском саду. Метод. пособие / под ред. Н. В. Микляевой. – М.: ТЦ Сфера, 2013. – 128 с.
4. Е.А. Сергиенко, Е.А. Хлевная, Т.С. Киселёва. «Эмоциональный интеллект ребенка и здравый смысл его родителей». – Издательство: Малыш, 2021. – 84 с.

МАЗМҰНЫ

1	ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА	3
2	МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДА ЭМОЦИЯЛАРДЫҢ ЖАС ЕРЕКШЕЛІКТЕРІНЕ СӘЙКЕС ДАМУЫ	4
3	МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДА ЭМОЦИОНАЛДЫ ИНТЕЛЛЕКТТІ ДАМУ ТӘСІЛДЕРІ	5
4	ҚОРЫТЫНДЫ	8
5	ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР	9